

"Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы автотасымалдауларға бақылау жасауды жетілдіру және алымдар мен бопсалау фактілерін жою шаралары туралы"

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 27 қыркүйектегі № 519 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 23 қазан № 1269 тіркелді. Бұйрықтың 6-тармағынан басқасының күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 24 қарашадағы № 652 бұйрығымен. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі Истер Министрлігінің 2007 жылғы 1 ақпандадағы № 35 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың 6-тармағынан басқасының күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 24 қарашадағы № 652 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі Истер Министрлігінің 2007 жылғы 1 ақпандадағы № 35 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.
2. Жол полициясы комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен ақпарат берсін.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**М и н и с т р д ің м і н д е т і н  
а т қ а р у ш ы  
м и л и ц и я г е н е р а л - м а й о р ы**

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің  
күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізімі**

2. "Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы автотасымалдауларға бақылау жасауды жетілдіру және алымдар мен бопсалау фактілерін жою шаралары туралы" Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2000 жылғы 27 қыркүйектегі N 519 бұйрығы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2000 жылы 23 қазанда N 1269 болып

## Т і р к е л г е н .

---

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығын орындауда, автокөлік тасымалдау қызметін дамыту үшін, автокөлік тасымалдаудың бақылау тәртібін жетілдіруге жағдай жасау және Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарында алымдар мен бопсалау фактілерін жою мақсатында бұйырамын:

1. <\*>
2. <\*>
3. <\*>
4. <\*>
5. <\*>

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1999 жылғы 10 қарашадағы N 568 "Қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі, қылмыстық жолын кесу мен оны ашуудағы, сонымен қатар іздестіру жұмыстарының белсенділігін арттырудың жол полициясының іс-әрекетін жетілдіру туралы" бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Н 5 қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Шеп" тосқауыл жүйесіндегі арнайы бақылау бекеттері ішкі істер органдарының төтенше жағдай енгізу немесе Ішкісминнің арнайы жоспарлары жедел-іздестіру және алдын-алу іс-шараларын жүргізу кезеңінде арнайы міндеттерді шешуге арналған стратегиялық объектілері болып табылады. Өзге уақытта "Шеп" тосқауыл жүйесіндегі арнайы бақылау бекеттері жол полициясының қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыстардың жолын кесу мен оларды ашу, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қозғалысқа қатысушылардан қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау, қозғалысқа қатысушыларға көмек көрсету міндеттерін шешуге арналған тұрақты бекеттері болып табылады.";

7-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын :

"Заннамамен белгіленген іс-жүргізу әрекеттерін жүзеге асыру жағдайларын ( қарау, тінту) және жедел іздестіру іс-шараларын қоспағанда, сауламалар, әңгімелер жүргізу үшін, құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтау және басқа да себептер бойынша қозғалысқа қатысушылардың көлік құралдарына қызметкерлерді отырғызуға тыйым салынады.";

7-тармақтың үшінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Халықаралық және қалааралық жүк пен жолаушылар тасымалдайтын автомобильдерді тіркеу белгіленген журналда көрсетілген автомобильдердің байқалатын өзіндік белгілерін жазып қою арқылы оларды тоқтатпай жүзеге асырылады;

"Шеп" арнайы тосқауыл жүйесіндегі жол полициясы бақылау бекеттерінің қызметтік құжаттарының тізбесі" деген N 7 қосымша мынадай мазмұндағы 8-жолмен толықтырылсын;

**"8. Ақпараттар қабылдау және беру журналы".**

**Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 538 бұйрығымен .**

7. <\*>

8. <\*>

9. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде нормативтік құқықтық кесім ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау министрдің орынбасары полиция генерал-майоры И.И. Оттоға және Жол полициясы департаментінің бастығы полиция подполковнигі Қ.Т.Туксайтовқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер Министрі -  
Ішкі әскерлер қолбасшысы  
генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы ПМ-нің  
1999 жылғы 10 қарашасынан  
N 568 бұйрығына  
N 4 Қосымша  
(ҚР Ішкісминінің  
2000 ж. 27 қыркүйегінен  
N 519 бұйрығына  
сәйкес өзгертулермен)

**Ескерту: 4-қосымша алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 538 бұйрығымен .**